


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

the symbol V denotes a variable vowel. Such substitutions without direction are possible in auxiliary morphemes, but their possibility in root morphemes is doubtful.

Reference

1. Kazimov, İ. (2019). Türk dillərinin müqayisəli morfologiyası. Bakı: Elm.
2. Ахманова О.С. (1969), Словарь лингвистических терминов. 2-е изд., Москва: Издательство «Советская энциклопедия», с. 608.
3. Кайдаров, А.Т. (1997). Казахский язык // Языки мира. Тюркские языки. Москва: Изд-во «Индрик».
4. Касевич, В.Б. (1986). Морфонология. Ленинград: Издательство Ленинградского университета.
5. Матусевич М.И. (1976), Современный русский язык: Фонетика. М., 1976. М: «Просвещение».
6. Мельчук, И. А. (2000). Курс общей морфологии. Том 3. Москва - Вена: Языки русской культуры.

Абенова П.Ғ.

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2-курс магистранты
Қазақстан, Астана қ.*

ТУРИЗМ ДИСКУРСЫНДАҒЫ КОД АУЫСТЫРУ

Аннотация. В статье рассматривается проблема переключения кода в туристическом дискурсе. В исследовании приведены определения, относящиеся к сфере обслуживания, и показаны роль и особенности переключения кода в этой области. Также была записана беседа между турагентом и потребителем, связанная с туристической сферой, и проведён её языковой анализ.

Ключевые слова: туризм, замена кода, интерференция, билингв, языковая гибридизация.

Annotation. The article examines the issue of code-switching in tourism discourse. The study provides definitions related to the service sector and highlights the role and characteristics of code-switching in this area. Additionally, a conversation between a travel agent and a customer related to the tourism sector was recorded and analyzed from a linguistic perspective.

Keywords: tourism, code replacement, interference, bilingual, linguistic hybridization.

Соңғы жылдары лингвистикада түрлі жаңа салалар мен бағыттар ғылыми, теориялық және практикалық жағынан маңызға ие болды. Бұл қоғамдағы тілдің беделі, тіл статусының өзгеруі, тілдердің жойылып немесе қолданысы артып, тілдердің бір-біріне әсер етуімен байланысты. Қазіргі уақытта адамдардың тілдік жағдаятына қатысты бірнеше тілді меңгеру, код ауыстыру, тілдік гибридизация және интерференция секілді тақырыптар көп зерттеліп жүр. Аталған мәселелерді қазіргі таңда қоғамда үлкен сұраныстағы қызмет көрсету саласы контекстінде қарастыру ерекше маңызға ие.

Қызмет көрсету – адамның және жалпы қоғамның қандай да болсын қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған, бірақ жаңа тұтыну құнын не жаңа өндіріс құрал-жабдығын немесе тұтыну заттарын жасамайтын тиімді қызметі [1, 489 б.]. Қызмет көрсету саласына тұтынушының қажеттіліктерін қанағаттандыру және пайда табу мақсатында жүзеге асатын кез келген кәсіп түрін айта аламыз: ресторан бизнесі, кеңес беру ұйымдары, азық-түлік сату кәсібі, туристік қызмет көрсету және т.б. Осындағы әр кәсіптің өзіне тән сөйлеу стилі, сөздік қоры, түрлі тілдік ерекшеліктері бар болғандықтан, бұлардың әрқайсысы жеке қарастыруды қажет етеді. Қазақстандағы қызмет көрсету саласында және ондағы іскерлік қарым-қатынаста тілдерді жетік меңгеру – басты шарттардың бірі. Себебі, еліміздегі тілдік жағдайға байланысты, кез келген салада билингвалды (қазақ, орыс тілді) немесе тіпті мультилингвалды (қазақ, орыс, ағылшын тілді) тілдік қолданыс барысында код ауыстыру, код алмастыру, интерференция процесі жүзеге асады.

Код ауыстыру әрекетіне түсетін сөйлеуші кемінде екі тілде сөйлей алуы шарт. Екі не одан да көп тілді меңгерген сөйлеушіні әдетте билингв не амбилингв деп атай аламыз. «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде» билингвке былай анықтама беріледі: Билингв (лат. bi... – екі < bis – екі рет + lingua – тіл) қаз. қостілді, ағыл. bilingual – екі (немесе одан көп) тілді меңгерген тұлға. Билингвтің тілдерді меңгеру деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Екі тілді барлық салаларда бірдей деңгейде қолданатындар үшін амбилингвизм термині қолданылады, ал екі

тілде толық тілдік құзіреті жоқтар үшін семилингв термині қолданылады [2, 66 б.]. Ал амбилингв дегеніміз: «(лат. *ambi* – екіжақтылық, қосарлану + *lingua* – тіл) қаз. амбилингв, ағыл. *ambilingual* – екі (немесе одан көп) тілде бірдей дәрежеде еркін сөйлей алатын тұлға (билингв)» [2, 20 б.].

Туризм тілінің өзіне тән ерекшеліктері жетерлік, себебі бұл – жанр мен стильдер тоғысатын сала. Сондықтан «код ауыстыру» және «туристік дискурс» ұғымдарын бірге зерттеу маңызды. Туризм дискурсы еліміздегі қазақ тілді коммуникацияда орыс тілінің қолданылуына қатысты мысалдар беріп, осы тақырыпты зерттеуге негіз бола алады. Айта кету керек, лингвистикада жанр дегеніміз – мәтіннің бейнелеу тәсілі, жалпыға бірдей қабылданған сөйлеу формасы, қоғамда қабылданған дәстүрлі сөйлеу құрылымын құру және сөйлеу бірліктерін біріктіру әдістері секілді сипаттамаларының жиынтығы. Туристік дискурс жанрлары төмендегідей жіктеледі :

1) Вербалды жанрлар – бұл сөйлеу-әрекеттік жағдайға және вербалды қарым-қатынас қандай жағдайларда жүзеге асатынына байланысты (туроператормен диалог; гид жүргізетін экскурсия т.б.);

2) Бейвербалды жанрлар – бұл туристік мәтіндердің жазбаша немесе баспа түрлері (брошюралар, буклеттер, жол көрсеткіштер, туристік анықтамалықтар, энциклопедиялар т.б.).

Әдетте, кез келген жол көрсеткіш келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) тарихи деректер;
- 2) мәдени іс-шаралар мен мерекелер;
- 3) көрікті жерлер және олардың сипаттамасы;
- 4) орналасу туралы ақпарат, карта;
- 5) экскурсиялық бағдарламалар;
- 6) турлардың құны мен уақыты;
- 7) байланыс ақпараты [3, 160 б.].

Лингвистикадағы код ауыстыру термині ғалымдардың зерттеулерінде бұрыннан қарастырылып келеді. Оған берілген анықтамаларға келер болсақ, «код ауыстыру не кодтық алмасу – бұл ауызекі сөйлесу процесінде сөйлеушінің қарым-қатынас жағдайларына байланысты бір тілден (диалектіден, стильден) екіншісіне ауысуы [4, 21 б.]. Қарапайым тілмен айтқанда, код ауыстыру үрдісін әңгіме барысында сөйлеушінің А тілінен В тіліне ауысуы деп сипаттауға болады. Уордхонның пікірінше, «адамдар сөйлесуді таңдаған кезде, әдетте белгілі бір код жиынтығын таңдауы қажет. Олар сондай-ақ бір кодтан екінші кодқа ауысады немесе тіпті кейде әрбір сөйлемнің ішінде кодтарды араластырып, жаңа код жасайды» [5, 100 б.].

Статистика бойынша әлемдегі шамамен әр үшінші адам күнделікті өмірде (жұмыс, отбасылық тұрмыс-тіршілікте, бос уақытында) екі не одан да көп тілді қолданады. Сонымен қатар өз ана тілінен бөлек тілдерді тұрақсыз түрде пайдаланатын сөйлеушілер де көп, мысалы, мектепте шет тілдерін үйренген сөйлеушілер ол тілдерді кейде және белгілі бір мақсатта ғана қолданады. Ал оларды билингв деп санар болсақ, онда әлемдегі монолингвтердің саны өте аз болар еді. Кімнің билингв саналып, саналмайтынын анықтау аса қиын. Билингв адамды анықтау келесі факторларға байланысты:

1. Жасы мен тілді үйрену әдісі;
2. Нақты тілдік дағды деңгейі;
3. Тілді қолдану салалары;
4. Өзін-өзі тануы және көзқарасы [6, 4 б.].

Қазақ тіл біліміндегі тілден тілге өту үрдісі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады: Ғалым өзінің «Тіл тағылымы» еңбегінде «Бұл күндері адамдардың сөйлесетін тілдерінің түбі мұнарланған сағымдай алысқа барып жоғалады. Қанша қадалып қарасақ та, көзіміз оған жетпейді. Қай тілдің де болса қайдан шығып, қалай ғұмыр кешкенін ешкім анық білмейді. Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап емес, жүз жылдап емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзын ғұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып, өзгерілмеген тіл жоқ: я азып өзгерілген, я асып өзгерілген, ел бұтақтап өскен сайын тіл де бұтақталған» [7, 395 б.]. Ғалым аталған еңбектің «Қазақша сөз жазушыларға» бөлімінде араб тілінің қазақ, түркі ауызша,

жазбаша тілдеріне қалай әсер еткенін анықтап, дұрыс емле мен қате емленің аражігін ажыратуға тырысады [7, 395-399 б.].

Көптілді қоғамда кодты өзгертудің бірнеше себептері болуы мүмкін. Адамдар көбінесе белгілі бір тақырыпқа қатысты түсінікті сөздер мен сөз тіркестерін таңдай отырып, лексика-семантикалық жағынан бос орынды толтыру мақсатында екінші кодқа ауысуға мәжбүр болады. Бұл – қазіргі интеграция тілінде көрініс тапқан гибридизация құбылысы. Қазақ тілі бұл құбылыстың ықпалына Кеңес дәуірінен бері ұшыраған. Бұның себептері:

1. Басқа елдерде ғылым мен техниканың пайда болуы. Біздің жағдайда олардың көпшілігі орыс тілі арқылы енеді.

2. «Донор» деңгейіне жеткен елдерде әлеуметтік-саяси өзгерістердің болуы және сол елдердің үлгісінде әлеуметтік-саяси жаңалықтардың енуі. Біздің жағдайда бұл да орыс тілімен байланысты. Мысалы, Қазақстан тәуелсіздігінің отыз жылы ішінде барлық заңдар, қазақ тіліндегі кейбіреуін есепке алмағанда алдымен орыс тілінде жазылып, кейін қазақ тіліне аударылған және негізгі заңды күші орысша нұсқада болғаны осыны көрсетеді.

3. Ол елдердің экономикалық артықшылықтарының болуы.

Бұл факторлар қазақ тілінде гибридизация мен код ауысу құбылысының тереңдей түсуіне ықпал етуде [8, 74 б.].

Қазіргі заманда телефон өмір сүруді жеңілдететін басты құрал ретінде адам өмірінің барлық саласында қолданысқа ие. Осы себептен қызметтердің басым көпшілігі телефонмен сөйлесу не әлеуметтік желілердегі хат алмасу түрінде көрсетіледі. Көп жағдайда туристік агенттіктер мен тұтынушының алғашқы диалогі осылай басталады да, кейінгі іскерлік қарым-қатынастың жалғасу-жалғаспауы осы әңгімеге байланысты. Қазіргі уақытта туризм саласы қарқынды дамып, бұндағы қызметкерлердің (оператор, менеджер, консультант) басты тіл ретінде көбіне орыс тілін қолданады. Сонымен қатар еліміздегі туризм саласының қызметіне тек қазақ ұлты емес, өзге де ұлт өкілдері жүгінетіндіктен, мемлекеттік тілмен қоса өзге тілдердің жұмсалуды орын алып жатады. Осындай себептерге байланысты біз осы тақырыпты зерттеуді жөн көрдік. Біздің мақсатымыз – Қазақстандағы туристік агент, менеджер және сатып алушы арасындағы тілдік қарым-қатынастың ерекшеліктерін зерттеп, осы саладағы қарым-қатынас барысында орын алатын код ауыстырудың мысалдарын анықтау.

Зерттеудің басты нысаны ретінде күнделікті өмірдегі тұтынушы мен туристік агенттіктегі қызметкердің алғашқы әңгімесі алынды (туристік агент – әйел адам, 23 жас, ұлты – қазақ, тұтынушы – әйел адам, 21 жас, ұлты – қазақ). Зерттеу нәтижесінде туристік агенттің (А) ана тілі орыс тілі болып табылатыны және қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгергені (басым тілді билингв – dominant bilingual) [6, 5 б.] анықталды. Ал тұтынушы (П) ретінде ана тілі қазақ тілі болып табылатын және орыс тілін екінші тіл ретінде меңгерген (қалыптасқан билингв – achieved bilingual) [6, 4 б.] сөйлеушіні таңдадық. Себебі, әдетте, билингвалдық қатынаста екі тілдің біреуі үстем болып табылады: сөз алынатын тіл қосалқы тіл (embedded language) болады да, ал негізгі тіл матрицалық тіл (matrix language) деп аталады [4, 22 б.].

Жоғарыда айтылғандай, бұл зерттеуді жүргізу үшін тұтынушы рөліне орыс тілін кейінірек меңгерген қазақ тілді сөйлеуші мақсатты түрде таңдалды. Зерттеу субъектісін таңдап алу үшін қатысушыларға келесідей сұрақтар қойылған болатын:

Сіз қанша тілді меңгергенсіз?

Оның әрқайсысын қанша жасыңыздан бастап үйрендіңіз?

Осы тілдердің арасынан қайсысын жоғары деңгейде білесіз?

Қай тілді қай салада қолданасыз? (Мысалы, қазақ тілін үйде, орыс тілін қоғамдық орындарда, т.б.)

Тілдерді меңгеру деңгейіңіз қандай? (A1, A2, B1, B2, C1, C2 шкаласында)

Сізге қай тілдерде сөйлеген ыңғайлы?

Тұтынушыны таңдап алған соң, зерттейтін диалогті дыбыстық құрылғының көмегімен жазып алдық. Әңгімелесу келесідей формада өтті:

П: Саламатсыз ба! Бұл турагентство ма?

А: Саламатсыз ба! Иә, менің есімім Ардақ, Saparla Travel турагентствоның руководителі. Сізді тыңдап тұрмын.

П: Сіздердің инстаграмдағы стористарыңыздан Стамбулға горящий турға скидка болып жатқанын көріп едім. Сол туралы сұрауға хотела. Скидка қашанға дейін?

А: Осы воскресеньяға дейін ғана.

П: Авиабилеттің прайсындағы ол туды и обратно ма или қалай?

А: Иә, иә, бізде в одну сторону деген нәрсе болмайды. Билеттер всегда туды-обратно.

П: Аа, ол Турцияға без визы барады ғой, иә?

А: Иә, но все равно Сізге загран паспорт керек болады. Сізде бар ма?

П: Иә, бар, срогы өтіп кетпесе. Біз негізі подружкамызбен осы Новый годтағы каникулда барғымыз келген. Как раз Сіздердегі скидканы көріп сол... Аа, тағы сұрайын дегенім, рейс прямой ғой, да?

А: Конечно, конечно... Қазір ранний бронирование жасап қойсаңыз, жақсы бағаға алып тұрсыздар негізі. Уақыт жақындаған сайын қымбаттай береді. Декабрьде вообще ұшады. Жай Сізге айтып жатқаным ғой! Еще баратын гостиницаларыңыз де пятизвездочный. Расположениесі прям супер, полный релакспен демалып қайтасыздар. Но завтрак, ужин дегендер отдельно жүреді.

П: Мәссаған. А мен ойладым, бірге жүреді деп. А можно будет к вам в офис поехать и там детально обсудить? А то былай рискованно сияқты оплата жасаған.

А: Да-да, конечно, приходите. Если до обеда келсеңіз, договор, всё сделаем.

П: Окей, сау болыңыз!

А: Сау болыңыз!

Зерттеу кезінде код ауыстыру төмендегі сөз таптарын қолдану кезінде орын алғаны анықталды (2-кесте):

2-кесте. Диалогте қолданылған сөз таптары және олардың көрсеткіші


Сөз табы	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Барлығы
Зат есім	8	24	7	39
Сын есім	4	7	1	12
Сан есім		1		1
Есімдік	19	3		22
Етістік	37	6		43
Үстеу	3	8		11
Еліктеу сөз				
Шылау	9	5		14
Одағай	1			1

Кестеден байқағанымыздай, код ауыстыру көбінесе зат есімдер арқылы жүзеге асқан. Мысалы, турагентство, руководитель, скидка, воскресенье, прайс, срок, т.б. қазақ тілді диалогтерде күнделікте қолданысқа ие зат есімдердің шамамен барлығының тілімізде аудармасы бар (турагентство – туристік агенттік, руководитель – басшы, скидка – жеңілдік, воскресенье – жексенбі, прайс – баға, срок – мерзім). Бұдан көретініміз, орыс, ағылшын тіліндегі кей сөздердің қазақша баламасы тілімізде болғанымен де, кең қолданыста деп айтуға келмейді. Егер сөйлемдердің адам миында бейсаналы түрде құрылатынын ескерсек, көбінесе сөйлеуші қоғаммен қарым-қатынас барысында өзгелерден естіп жүрген сөздерін автоматты түрде айтады. Кей жағдайларда және түрлі себептермен сөйлеуші шетел тілінің сөзін өз миында ана тіліне аударып барып қолданады. Келтірілген диалогте код ауыстыру үрдісі жекелеген сөздер ретінде көрініс тапқан, тек соңғы сөйлемдерде ғана сөйлеуші толық бір сөйлемді орыс тілінде айтты.

Одан бөлек диалог бойынша код ауыстыру процесі қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің қатысуымен орын алғаны көрінеді. Диалогтегі тілдердің қолданылу саны мен пайызы 1-кестеде

көрсетілді. Шағын әңгіме барысында қолданылған барлық 168 сөздің 91-і орыс тілінің (54,17%), 68-і қазақ тілінің (40,48%), 9-ы ағылшын тілінің (5,36%) сөздері екені анықталды. Айта кету керек, бұл диалог орыс, ағылшын тілінің араласуымен болған қазақ тіліндегі диалог болса да, орыс тіліндегі сөздердің саны диалог өрбіп жатқан қазақ тіліндегі сөздердің санынан артық.

1-кесте. Диалогте қолданылған тілдердің сандық көрсеткіші



Кейін сөйлеушінің код ауыстыруына әсер еткен себептерін сұрадық:

- 1) Кей сөздердің қазақша баламасын білемін, бірақ орыс/ағылшын тіліндегі варианттарын өзгелерден жиірек естіп жүргендіктен, менің де санамда өзге тілдегі варианттары белсенді қолданыста.
- 2) Кей сөздердің қазақ тіліндегі баламасын білмеймін немесе білгенмен де, сөйлеу барысында еске түсіруге тырысу ұзақ уақытты алатындықтан, олардың орыс тіліндегі варианттарын қолдануға мәжбүр болдым.
- 3) Кей сөздерді тыңдаушының алдында өзім туралы жақсы әсер қалдыру үшін мақсатты түрде пайдаландым. Яғни, тыңдаушы менің белгілі бір сөздерді білетінімді байқасын деген оймен мақсатты түрде код ауыстырдым.
- 4) Кейбірін тілдік «трендтегі» сөздер болған соң пайдаландым (*прайс, сторис*). (Әлеуметтік желілердегі қызмет көрсету салаларының аккаунттарының ақпараттық бөлімінде бағалар әдетте «Price» атауымен беріледі).
- 5) Кей сөздердің қазақша баламасын білемін. Ал тіпті бір сөйлемді қазақ тілінде айтуға күзіретім жетсе де, толық орыс тілінде айттым. Себебі, тыңдаушының сөйлеуі, оның акценті, сөздердің арасындағы паузалардан оның орыс тілді қазақ екені байқалды. Яғни, оның тілдік жағдайына бағындым. Менің осы әрекетімнен соң оның да өзіне ыңғайлы тіл, орыс тіліне толықтай көшкенін көрдім.

Диалогте интерференция үрдісі де байқалады. «Интерференция: 1. (кең мағынада) Қостілділік жағдайында тілдік жүйелердің өзара әрекеттесуі; бұл қостілді тұлғалардың сөйлеуінде екі тілдің кез келгенінің нормаларынан ауытқуы түрінде көрінеді. 2. (тар мағынада) Екінші тілдің нормаларынан ана тілінің әсерінен жазбаша және ауызша қарым-қатынас барысында ауытқу [9, 82 б]. Тілдің интерференцияға қатысты деңгейлеріне сәйкес, ол келесі түрлерге бөлінеді: фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, лексика-семантикалық [9, 82-83 б]. Әңгімеде *турагентство-ның, руководитель-і, инстаграм-дағы, сторис-тарыңыздан, тур-ға, воскресенья-ға, прайс-ындағы, срог-ы, подружка-мызбен, Новый год-тағы, каникул-да, скидка-ны, декабрь-де, гостиница-ларыңыз, расположение-сі, релакс-пен* сөздерінің түбірі орыс, ағылшын тілдерінен, ал жалғау мен жұрнақтары қазақ тілінен болып, грамматикалық интерференцияны жасап тұр.

Тілдік қарым-қатынаста екі сөйлеуші де орыс тіліне ауысуы барысында грамматикалық қателерді жіберіп тұр. Мәтінде сөйлеуші орыс тіліндегі зат есімді толығырақ сипаттау барысында сын есімнің орыс тіліндегі нұсқасын бірге қолданған, алайда қазақ тілінде род

категориясы болмағандықтан қателер орын алды: *ранний бронирование, пятизвездочный гостиница*. Ал род категориясының ережесі бойынша олар келесідей жазылуы тиіс еді: *раннее бронирование, пятизвездочная гостиница*. Тағы бір сөзде (*воскресеньяда*) сөйлеуші орыс тіліндегі септік катеориясын (Падежи) толық меңгермей, атау септікте (именительный падеж) тұру керек сөзді басқа септікте (родительный падеж) қолданған (*воскресеньяда*).

Диалогке қатысушылар орыс тіліндегі сөздердің сөйлем ішінде орналасу ережесіне бағына отырып, қазақ тілі мен орыс тілдерін араластырады. «*Сол туралы сұрауға хотела*» деген сөйлемде сөйлеуші хотела сөзінен кейін орыс тілінің грамматикалық ережесі бойынша етістіктің инфинитив формасын қолдану керектігін біледі, алайда ол оны қазақ тіліндегі тұйық етістік формасына барыс септігінің жалғауын жалғай отырып қолданады. Бұның себебін сөйлеуші барыс септігінің жалғауынсыз сөйлем («*Сол туралы сұрау хотела*») дұрыс емес болып естілетіндей көрінгенімен байланыстырды. Ал келесі бір сөйлемде («*А мен ойладым, бірге жүреді деп*») сөйлеуші орыс тілінің грамматикасы бойынша сөйлемдегі сөздердің орналасу реттілігі ережесін қазақ тіліне қатысты қолданады. Ал қазақ тілінің ережесі бойынша сөйлемдегі сөздер келесі ретпен орналасқан болар еді: «*Мен бірге жүреді деп ойладым*».

Қорытындылай келе, бірнеше тілді меңгеру еліміз үшін қазіргі таңда стратегиялық жағынан қажетті құзыреттіліктердің бірі деп санаймыз. Қоғам, заман талабына сәйкес қазақ тілімен қоса орыс, ағылшын тілдерін меңгеру үлкен маңызға ие. Солай болса да, әрбір тіл қолданушы қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде ерекше орын алатынын, елді тұтастыру қызметін атқаратынын білгені жөн деп ой тұйеміз.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том // құраст.: Малбақов М., Оңғарбаева Н., Үдербаев А. – Алматы, 2011. – 752 б. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1112367>
2. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. / құраст: Сүлейменова Э. Д., Шаймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2008. – 392 б.
3. Сакаева Л.Р., Базарова Л.В. Понятия «туризм» и «туристический дискурс» в современной научной парадигме // Грамота. Филологические науки. Вопросы теории и практики. Часть 1. – 2014. – №6 (36). – С. 159-161. https://www.gramota.net/articles/issn_1997-2911_2014_6-1_43.pdf
4. Омарбекова Г. Ә. Тіл және жаһандану: Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Fastprint» баспасы, 2019. – 160 б. https://research.nu.edu.kz/ws/portalfiles/portal/23906889/_pdf
5. Wardhaugh, R., & Fuller, J. M. 2015. Introduction to sociolinguistics (7th ed., p. 451). Foreign Language Teaching and Research Press https://ia802302.us.archive.org/32/items/sociolinguistics_202107/An%20introduction%20to%20sociolinguistics-R%2C%20Wardhaugh-%20J.%20Fuller.pdf
6. Li, W. 2000. The bilingualism reader (p. 512). Routledge, London and New York. [https://vulms.vu.edu.pk/Courses/ENG512/Downloads/%5B%20Li%20Wei%20The%20Bilingualism%20Reader\(BookFi\).pdf](https://vulms.vu.edu.pk/Courses/ENG512/Downloads/%5B%20Li%20Wei%20The%20Bilingualism%20Reader(BookFi).pdf)
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) – Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1992, – 448 б. <https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=453852&lang=kk>
8. Abaslov A. Issues of social differentiation of language and problems of code-switching // Bulletin of Karagandy university. Philology Series. – 2021. – №3 (183). – P. 60-68. <https://doi.org/10.31489/2021ph3/68-76>
- Кожмякина В. А., Колесник Н.Г., Крючкова Т.Б. Словарь социолингвистических терминов. Москва, 2006. – 312 с. https://iling-ran.ru/library/sociolingva/slovar/sociolinguistics_dictionary.pdf

ӘОЖ 811.512.122